

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 360 (2016), 52 – 56

**DISSOLUTION OF THE ZINC ELECTRODE IN AQUEOUS SOLUTIONS
OF SULFURIC AND NITRIC ACIDS AT POLARIZATION INDUSTRIAL
ALTERNATING CURRIENCE**

S.K. Turtabayev*, A.B. Baeshov, U.B. Kurbanov***

*H.A.Yassawe International Kazakh-Turkish university, Turkestan, Kazakhstan;

** D.V. Sokolskiy Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry, Almaty, Kazakhstan

umid_m4s@mail.ru, bayeshov@mail.ru

Keywords: alternating current, zinc, zinc sulfate, zinc nitrate, polarization, electrochemistry

Abstract. The paper presents regularities in the polarization of the zinc dissolution industrial alternating current frequency of 50 Hz in aqueous solutions of sulfuric and nitric acid. The influence of various electrochemical parameters on the current efficiency of zinc dissolution and also found that by varying the polarization current of the zinc electrode in solutions of sulfuric and nitric acid to form soluble zinc ions.

Research of influence of current density in the range of 200-1000A /m² dissolution polarized AC zinc. It is established that an increase of the current density decreases the current efficiency of metal dissolution in sulfuric acid solution 183.0% to 78.3%, in a solution of nitric acid to 196% to 98.3%. And by increasing the concentration of the solution is observed increase the current efficiency of zinc dissolution.

ӘОЖ 541.13

**ӨНДІРІСТІК АЙНЫМАЛЫ ТОҚПЕН ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНГАН
МЫРЫШ ЭЛЕКТРОДЫНЫҢ КҮКІРТ ЖӘНЕ АЗОТ ҚЫШҚЫЛЫ
СУЛЫ ЕРІТІНДІЛЕРІНДЕ ЕРУІ**

С. Қ. Тұртабаев, Ә. Б. Баешов, У. Б. Курбанов

(*Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;

**«Д. В. Сокольский атындағы жанармай, катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы, Қазақстан)

Түйін сөздер: айнымалы тоқ, мырыш, мырыш сульфаты, мырыш нитраты поляризация, электрохимия.

Түйін. Жұмыста мырыш электродын жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі күкірт және азот қышқылдарының сулы ерітінділерінде еру заңдылықтары зерттелінді. Мырыш электродтарының күкірт және азот қышқылдары сулы ерітінділерінде мырыш иондарын түзе еритіндігі көрсетілді және оларға әртүрлі электрохимиялық параметрлердің әсері карастырылды.

Айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыштың еруінде электродтағы тоқ тығыздығының әсері 200-1000 A/m² аралығында зерттелінді. Күкірт қышқылды ерітіндісінде металдың еруінің тоқ бойынша шығымы 183,0 %-дан 78,3 %-ға дейін, ал азот қышқыл ерітіндісінде 196 %-дан 98,3 %-ға дейін темендейтін көрсетілген. Ал қышқыл концентрациялары өскен сайын мырыштың еруінің тоқ бойынша шығымы өссетіндігі анықталды.

Өндіріс орындарында мырыш қалдықтарының көптеген мөлшері түзілуі – экологиялық проблемалар туғызуда. Қазіргі кезде электрохимиялық әдістер қалдықсыз технологияларды жасауда және оларды жетілдіру шаралары бірқатар экологиялық проблемаларды шешудің тиімді әдістерінің бірі болып отыр. Соңғы жылдардағы зерттеулер нәтижелері, белгілі бір жағдайларда, кейбір электрохимиялық реакцияларды, айнымалы тоқ қатысында жоғарғы жылдамдықпен қажетті

өнімдерді алуға болатындығына көрсетіп отыр. Профессор А.Баешовтың шәкіртерімен жүргізілген зерттеулерде осындай әдістердің ерекшеліктері және тиімділігі атап көрсетілген [1-4].

Мырыш сульфаты – медицинада, гальванотехникада, фармацевтиканда ауыл шаруашылығында, сондай-ақ жасанды талшық өндірістерінде жан-жақты қолданылыс табуда. Мысалы: мырыш сульфаты медицинада емге қажетті көз тамшыларын жасауда, одан басқа бауыр ауруларын, ағзаға мырыш жетіспеуін емдеуде және, ауыл шаруашылығында микротыңайтқыш ретінде, тоқыма өндірісінде, химия өнеркәсібінде, вискоза алуда, ағашты шіруден қорғау үшін және металлургияда кеңінен қолданылып жүр [5,6].

Мырыш сульфатын алудың кеңінен таралған белгілі әдістерінің бірі бойынша, күкірт қышқылы мен мырыш және мырыш тотығын (оксидін), көбінесе мырыш сульфидімен әрекеттестіру арқылы, алады [5]:



Бұл әдістің негізгі кемшілігі қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсер ететін, улы күкірт сутегі газының көп мөлшерде түзілуі.

Ал мырыш нитраты, лабораториялық жағдайда сұйытылған азот қышқылында – мырыш гидроксидін, оксидін немесе карбонатын ерітіп буландыру арқылы кристаллогидрат ($\text{ZnNO}_3 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$) түрінде алынады.

Сусыз мырыш нитратын, мырыш пен сұйық азот диоксидін әрекеттестіру арқылы да алуға болады [7,8]:



Металдардың әр-түрлі қосылыстарын алуда электрохимиялық процесстер де өз орнын тауып келеді. Айта кету керек, электрохимиялық синтез әдістерінің кемшілектері де бар. Электрохимиялық тәсілдермен метал қосылыстарын алудың ортақ кемшіліктері: тұрақты тоқтың қымбаттығы, күрделі конструкциялы электролизерлердің қолданылуы, себебі электрод кеңістіктері міндетті түрде диафрагмалармен немесе ионитті мембраннымен бөлінуі керек және жоғары тоқтығыздықтарында, анод электродының пассивацияланып ерімей қалуы.

Осындай кемшіліктерге қарамастан, бейорганикалық қосылыстарды алудың электрохимиялық әдістері, көптеген елдердің химиялық өнеркәсібінде маңызды орын алып келеді.

Ұсынылып отырған жұмыста, мырыш электродының қышқылды ерітінділерде айнымалы тоқпен поляризациялау кезіндегі электрохимиялық қасиеттері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу жұмыстары барысында, күкірт және азот қышқылдарының сулы ерітінділеріндегі мырыш электродының еруінің тоқ бойынша шығымына: электродтағы айнымалы тоқтығыздығының, қышқыл концентрацияларының, электролиз ұзақтығының әсерлері қарастырылды.

Әрбір тәжірибе алдында мырыш электродтардың беті зімпара қағазымен тазаланып, этил спирті ерітіндісімен, одан соң дистилденген сумен шайылып, кептіріліп отырылды.

Электролиз, электрод кеңістіктері бөлінбеген, шыны электролиздерде жүргізілді. Электродтар ретінде таза мырыш пластинкалары қолданылды. Электр тоғының мөлшері ЛАТР-2А қондырғысы арқылы реттеліп отырды.

Айнымалы тоқпен поляризациялағанда анодты жартылай периодында мырыш тотығып, ерітіндігінде екі валентті ион түрінде өтеді:



Түзілген мырыш иондары ерітіндідегі сульфат және нитрат иондарымен әрекеттесіп, нәтижесінде мырыш сульфаты және нитраты түзіледі:




Бұл қосылыстардың ерігіштігі жоғары болғандықтан, олар электролиттерде еріп ион түрінде диссоциацияланады. Бұл электролигті қызыдырып, буландыры, қайта сұытса, мырыш сульфатының және нитратының кристалдарын алуға болады.


Ал катодтық жартылай периодта мырыш электродтарының бетінде күкірт қышқылы ерітіндісінде сутегі газы бөлінеді:



Ал азот қышқылы ерітіндісінде азот нитраты тотықсыданып, азот диоксиді түзіледі:



Мырыш электродының еруіне электродтағы тоқтығыздығының әсері зерттелді. Құқірт қышқылы ерітіндісінде айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыш электродының бетіндегі тоқтығыздығын 200 - 1000 A/m² аралығын өзгерткенде, электродының еруінің тоқ бойынша шығымы 183 %-дан 78,3 %-ға дейін төмендейтіні байқалды. (1а-сурет) Ал азот қышқылы ерітіндісінде осы тоқтығыздықтары аралығында өзгерткенде, мырыш электродының еруінің тоқ бойынша шығымы 196 %-дан 98,3 %-ға дейін төмендейтіні анықталды (1б-сурет).



1-сурет. Айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыши электродының құқірт (а) және азот (б) қышқылдары ерітінділері еруінің тоқ бойынша шығымына электродтардагы тоқтығыздығының әсері


Мырыш электродтарындағы тоқтығыздықтарының өсуіне байланысты, оның еруінің төмендеуін былай түсіндіруге болады:

Тоқтығыздығы өсken сайын, айнымалы тоқтың анодты жартылай периодында электрод бетінде оттегі газының түзілу реакциясының үлесі артады, нәтижесінде мырыштың сульфат және нитрат түзе еруінің тоқ бойынша шығымының мәні төмендейді. Одан басқа жоғары тоқтығыздықтарында, айнымалы тоқтың катодтық жартылай периодында мырыш иондарының қайта тотықсыздануы мүмкін.

Металдардың бетінде өте жұқа және тығыз оксидтік қабаттың түзілуі қоршаған ортадан, сондай-ақ электролиттен қорғайтыны бұрыннан белгілі. Оксидтік қабаттың түзілуі, катиондары мен аниондарының металдық бетіне ары қарай диффузиясын болдырмайтын жеткілікті дәрежеде қорғаныс болғанға дейін жүреді деп есептелінеді [9].


Көрсетілген жағдайда мырыштың құқірт және азот қышқылдары ерітінділерінде еруінің тоқ бойынша шығымының мәндерін салыстырып азот қышқылды ерітіндісінде тоқ бойынша шығымының мәнінің жоғарылау болатыны анықталды. Айнымалы тоқпен поляризациялағанда, электрод бетін катод жартылай периодында белінген сутегі көпіршіктері қаптап, нәтижесінде мырыштың қышқылмен химиялық әрекеттесу, жылдамдығын төмендетуі мүмкін деп жорамалдауға болады.

Айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыштың еруіне, құқірт және азот қышқылдары ерітінділерінің концентрациялары елеулі түрде әсер ететіндігі байқалады, яғни құқірт қышқылының концентрациясын 150 г/л -ға дейін жоғарылатқан кезде тоқ бойынша шығым 224 %-ға дейін жетсе (2а-сурет) ал, азот қышқылды ерітіндісінде ТШ мәні 248 %-ға жетеді (2б-сурет).



2-сурет Айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыш электродының еруінің тоқ бойынша шығымына күкірт (а) және азот (б) қышқылдарының концентрацияларының әсері


Мырыш электродтарының еруінің тоқ бойынша шығымының 100%-дан жоғары болуын, байлаша түсіндіруге болады. Қышқыл концентрациясының артуы сутегі иондарының активтілігін жоғарылатып металл бетінде тотық қабатының түзілуіне мүмкіндік бермейді, осыдан қорғаныштық қабатынан арылған теріс потенциалды металл, сутегі және нитрат иондарымен оңай әрекеттесіп, өз иондарын түзе химиялық жолмен қарқынды еруі іске асады [10]:



Күкірт және азот қышқылдары ерітінділерінде электролиз уақытын 0,25–1,25 сағ. арттырығанмызыда мырыштың еруінің тоқ бойынша шығымы алғашқыда аздап жоғарыладап одан әрі төмендейдіндігі байқалды (3-сурет).

Электролиз уақытын арттырыған сайын мырыш электродының еруінің біртіндеп тежелуін электрод бетінің біртіндеп пассивациялануымен түсіндіруге болады.

Қорыта айтқанда, мырыш электродын азот және күкірт қышқылдары ерітінділерінде жиілігі 50 Гц айнымалы тоқпен поляризацияланған кезде, оның еруінің өте жоғары тоқ бойынша шығымымен жүретіндігі көрсетілді.



3-сурет. Айнымалы тоқпен поляризацияланған мырыш электродының еруінің тоқ бойынша шығымына электролиз уақытының әсері

Зерттеу нәтижелері, мырыш электродын өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы, мырыш сульфатын және мырыш нитраты синтездеуге болатындығын көрсетті.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Баешов А. Электрохимические процессы при поляризации нестационарными токами, Известия НАН РК, № 2, 2011, с. 3-23.
- [2] Баешов А., Баешова А.К. Электрохимические способы получения неорганических веществ / Германия, Lambert Academic Publishing, 2012, - 72с.
- [3] Баешов А. Электрохимические методы извлечения меди, халькогенов и синтез их соединений. Наука. КазССР. 1990.-107 с.
- [4] Сарбаева Г.Т., Баешов А.Б., Сарбаева К.Т. Эффективность применения переменного тока. Красноярск // В мире научных открытий. -2010, Ч.15, - №4. (10). –С 36.
- [5] Позин М.Е и др. Технология минеральных солей (удобрений, пестицидов, промышленных солей, окислов и кислот), ч1, издание 4-е исправленное, Л., Издательство Химия, 1974 – 798 стр.
- [6] Государственный каталог пестицидов и агрохимикатов, разрешенных к применению на территории Российской Федерации, 2011 год. Министерство сельского хозяйства Российской Федерации (Минсельхоз России)
- [7] Рипан Р., Четяну И. Неорганическая химия. Химия металлов.- М: Мир, 1972. - Т. 2. - 871 с.
- [8] Глинка Н.Л. Общая химия. Учебник для ВУЗов. Изд: Л: Химия, 1985 г, с731
- [9] Эванс Ю.Р. Коррозия и окисление металлов /пер. Под ред. И.Л.Розельферда - М.: Машгиз 1962. -856
- [10] Баешов А., Битұрсын С.С., Сарбаева Г.Т. және т.б., Стационарлы емес тоқпен поляризацияланған мырыш электродының күкірт қышқылы ерітіндісінде еріп, Известия НАН РК, серия хим.технологии, №1.2014, б,76-81.

REFERENCES

- [1] Baeshov A. Electrochemical processes in the polarization fixed points, News of NAS RK, N2, 2011, p. 3-23. (in Russ.).
- [2] Baeshov A. Baeshova A.K.Germany, Lambert Academic Publishing, **2012**. 72 p.
- [3] Bayeshov A. Electrochemical methods of extracting copper, chalcogen compounds and their synthesis. Science. Kazakh SSR. **1990**. 107 p. (in Russ.).
- [4] Sarbayeva G.T, Baeshov A.B., Sarbayeva K.T Effectiveness of use of the alternating current. Krasnoyarsk // V mire nauchnyh otkrytiy. **2010**, CH.15, №4. (10). p.36. (in Russ.).
- [5] Pozin M.E, et al. Mineral salt technology (fertilizers, pesticides, industrial salts, oxides and acids), P1, 4th edition revised, L., Publisher Chemistry, **1974**. 798 p. (in Russ.).
- [6] State catalog of pesticides and agrochemicals permitted for use in the Russian Federation, 2011. The Ministry of Agriculture of the Russian Federation (Russian Ministry of Agriculture) (in Russ.).
- [7] Ripan R., Chetjanu I. Inorganic chemistry. Chemistry of metals, M : Mir, **1972**. V. 2. 871 p. (in Russ.).
- [8] Glinka N.L. General Chemistry. Textbook for High Schools. Publishing house: A: Chemistry, **1985**, 731p. (in Russ.).
- [9] Evans Y.R. Corrosion of metals and oxidation / Tran. ed. I.L.Rozelferda - M : Mashgiz **1962**. 856 p. (in Russ.).
- [10] Baeshov A., Bitursin S.S., Sarbaeva G.T., et al. Stacionarlı emes tokpen polyarızacılıylanğan mirış elektrodiniň kükirt qışqılı eritindisinde erwi, izvestiya NAN RK, seriya xim.texnologii, №1. **2014**, b,76-81. (in Kaz.).

РАСТВОРЕНИЕ ЦИНКОВОГО ЭЛЕКТРОДА В ВОДНЫХ РАСТВОРАХ СЕРНОЙ И АЗОТНОЙ КИСЛОТ ПРИ ПОЛЯРИЗАЦИИ ПЕРЕМЕННЫМ ТОКОМ ПРОМЫШЛЕННОЙ ЧАСТОТЫ

С.К. Тұртабаев*, А.Б. Баешов**, У.Б. Курбанов*

(*Международный казахско-турецкий университет им.Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

**АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В.Сокольского», Алматы, Казахстан)

Ключевые слова: переменный ток, цинк, сульфат цинка, нитрат цинка поляризация, электрохимия.

Аннотация. В статье приведены закономерности растворения цинка при поляризации промышленным переменным током частотой 50 Гц в водных растворах серной и азотной кислот. Рассмотрено влияние различных электрохимических параметров на выход по току растворения цинка, а также установлено, что при поляризации переменным током цинковые электроды в растворах серной и азотной кислот растворяются, образуя ионы цинка.

Исследовано влияние плотностей тока в интервале 200-1000 А/м² на растворение поляризованного переменным током цинка. Установлено, что при увеличении плотности тока происходит уменьшение выхода по току растворения металла, в растворе серной кислоты с 183,0 % до 78,3 %, а в растворе азотной кислоты с 196% до 98,3%. При увеличении концентрации раствора наблюдается увеличение выхода по току растворения цинка.

Поступила 13.04.2016 г.